

## Диссертациялық кеңестің 2020 жылғы жұмысы туралы есебі

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жанындағы «6D020200 – Халықаралық қатынастар», «6D020900 – Шығыстану (тарих ғылымдары)» мамандықтар тобы бойынша диссертациялық кеңес

Диссертациялық кеңес төрайымы – Байзақова Қ.Е.

1. Өткізілген отырыстар саны – 3.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (жоқ).

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

1. Сауданбекова Шынар Тұрғанбекқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

4.1 *Сауданбекова Шынар Тұрғанбекқызының* «Қазақтар мен жапондардың ғұрыптықмәдениетіндегі ұқсастықтар мен ерекшеліктер: семиотикалық аспект» атты диссертациясы жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрлері семиотикалық тұрғыда салыстырмалы түрде сараптап талдауға арналған. Екі ел халықтарының мәдениетіндегі салт-дәстүрлердің ерекшеліктері мен ұқсастықтары, заманауи көріністері мен мәдени дәстүрлердің сабақтастығы және ұлттық бірегейлігінің сақталу сипаты зерделенген.

*Зерттеу жұмысының нысаны:* жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрлері. Зерттеудің пәні: жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүрлері, оның ішінде ғұрыптық мәдениеттің негізін құрайтын ұлттық салт-дәстүрлер мен наным-сенімдер. Атап айтқанда, отбасын құру, адамның дүниеге келуі мен о дүниеге озуын рәсімдейтін салт-дәстүрлердің семиотикалық негізі.

*Зерттеудің мақсаты* – екі ел халықтарының ғұрыптық мәдениетін семиотикалық тұрғыдан салыстыру негізінде жапон және қазақ халықтарының мәдени дәстүріндегі ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтау.

*Зерттеу міндеттері:*

- мәдени дәстүрлерді зерттеудің теориялық аспектілерін қарастыру;  
- Қазақстандық және жапондық ғалымдардың мәдени дәстүрлерді зерттеу саласындағы жетістіктерін зерделеу;

- екі ел халықтарының мәдени дәстүріндегі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың қалыптасу тарихы мен заманауи көріністерін талқылау;

- жапондықтар мен қазақтардың салт-дәстүрлері мен ғұрыптық мәдениетінің негізгі құрылымын анықтап семиотикалық талдау жасау, мәдени дәстүрлердің дүниетанымдық негіздерін айқындау;

- мәдени дәстүрлерді ұлттық бірегейліктің сабақтастығын қамтамасыз ететін маңызды құрал ретінде қарастырып, аталмыш салт-дәстүрлердің семантикалық мән-мағынасын ашу;

- екі елдің мәдени дәстүрлеріндегі ортақастықтар мен айырмашылықтарын анықтап талдау жасау;

- екі ел халықтарының ғұрыптық рәсімдерінде көрініс табатын мәдени дәстүрлеріндегі ұқсастықтардың түпнегізін анықтау;

*Зерттеу жұмысының ғылыми және қолданбалы маңыздылығы* Зерттеу жұмысының тұжырымдарымен қорытындыларын шығыстану, тарих, мәдениет, этнографияға арналған арнайы курстардың оқу бағдарламаларын, оқулықтарын, курсты оқыту бойынша әдістемелік құралдар мен нұсқаулар жасағанда қолдануға болады. Диссертацияның негізгі қағидалары және қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда жарияланған 8 мақалада баяндалған, диссертациялық кеңестің ғылыми семинарында апробацияланған.

5. Рецензенттердің жұмысын талдау. Барлық рецензенттер БҒСБК талаптарына сәйкес іріктеліп алынды, адал және өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарады. Диссертациялар бойынша сапасыз пікірлер болған жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар. Диссертацияларды сапалы дайындау және жекелеген ескертулерді жою мақсатында төмендегілерді ұсынамыз:

- қорғауға қабылданғанға дейін диссертациялық кеңестер кезінде ғылыми семинардан барлық докторанттарға міндетті түрде өту керек;

- ҚР БҒМ гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми жобаны іске асыруға докторанттың қатысуын ескеру.

7. философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор (Таблица 1) ғылыми дәрежесін алу үшін қаралған диссертациялар туралы деректер

Таблица 1

	«6D020200 – Халықаралық қатынастар»	«6D020900 – Шығыстану (тарих ғылымдары)»
қараудан шығарылған диссертациялар	-	-
оның ішінде диссертациялық кеңес қайтарып жіберген	-	-
рецензенттердің теріс пікірлері алынған диссертациялар	-	-
қорғау қорытындысы бойынша оң шешімі бар	-	1
оның ішінде басқа да оқыту ұйымдарынан	-	-
қорғау қорытындысы бойынша теріс шешімімен	-	-
оның ішінде басқа да оқыту ұйымдарынан	-	-
қорғалған диссертациялардың жалпы саны	-	1
оның ішінде басқа да оқыту ұйымдарынан	-	-

Диссертациялық кеңес төрағасы

Байзақова Қ.Е.

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы

Жекенов Д.К.

